

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1906 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына бақылау жасау құқығын иемденуге рұқсат беру ережесін бекіту туралы" 2002 жылғы 3 маусымдағы N 207 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 416 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 25 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2638. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 20 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 20 қаулысымен .

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына бақылау жасау құқығын иемденуге рұқсат беру ережесін бекіту туралы" 2002 жылғы 3 маусымдағы N 207 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1906 тіркелген, 2002 жылғы 15-28 шілдеде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында жарияланған, N 15 (237)) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына бақылау жасау құқығын иемденуге рұқсат беру ережесінде:

Ереженің мәтініндегі "уәкілетті мемлекеттік орган", "уәкілетті мемлекеттік органның" деген сөздер "уәкілетті орган", "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі" деген сөздер "қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Заңды немесе жеке тұлғаның аффилиирленген тұлғалары: сақтандыру ұйымының акционері болып табылатын және сақтандыру ұйымының дауыс беретін акцияларының жиырма бестен көп процентімен дауыс беру мүмкіндігі бар тұлғалардың; немесе сақтандыру ұйымының акционері болып табылатын және сақтандыру ұйымының дауыс беретін акцияларының жиырма бестен көп процентімен дауыс беру мүмкіндігі бар тұлғалардың акцияларының (қатысу үлесінің) отыз бес немесе одан көп процентін тікелей немесе басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу арқылы иеленген (дауыс беру мүмкіндігі бар) тұлғалардың акцияларының (қатысу үлесінің) отыз бес немесе одан көп процентін иеленген (дауыс беру мүмкіндігі болған) жағдайда заңды немесе жеке тұлға сақтандыру ұйымының дауыс беретін акцияларының жиырма бес процентінен көбін иеленген болып танылады.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Өтініш еркін нысанда жазылады және мынадай құжаттарды қоса бере
о т ы р ы п ұ с ы н ы л а д ы :

1) жеке тұлға - осы Ереженің N 1 қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш беруші туралы деректер, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжаттың нотариат куәландырған көшірмесі;

2) з а њ д ы т ы л ғ а :

осы Ереженің N 2 қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш беруші
т у р а л ы д е р е к т е р ;

өтініш берушінің нотариат куәландырған және заңда белгіленген тәртіппен
ресімделген құрылтай құжаттары;

түсіндірме жазбасын қоса бере отырып соңғы аяқталған екі жылдың (не заңды тұлға құрылған сәттен бастап бір аяқталған жылдың, егер бұл мерзім екі жылдан кем болса), сондай-ақ рұқсат беру туралы өтініш беру алдындағы соңғы тоқсанның аяғындағы қаржылық есебі. Бұл ретте соңғы қаржылық есеп аудиторлық ұйымның аудиторлық есебімен расталуы тиіс;

өтініш берушінің сақтандыру ұйымы алдында мерзімі өткен және (немесе) баланстан тыс жатқызылған берешегінің болмауын растайтын құжаттар.

Аталған құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілдерінде ғана ұсынылады. Басқа тілден аударылған құжаттардың аудармасын нотариат куәландыруы тиіс.";

9-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) егер өтініш берушінің соңғы екі қаржылық жыл ішіндегі қызметінің нәтижесі зиян болып табылса;"

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Уәкілетті органның сақтандыру ұйымын бақылау құқығына рұқсаты бар

тұлға он күнтізбелік күн ішінде уәкілетті органға растама құжаттарын ұсына отырып сақтандыру ұйымына тікелей немесе аффилиирленген тұлғалары арқылы қатысу үлесінің өзгеруі туралы жазбаша хабарлайды.

Бұл ретте дауыс беретін акциялардың үлесін өзгертуге уәкілетті органның рұқсаты талап етілмейді.";

мынадай мазмұндағы 11-1-тармақпен толықтырылсын:

"11-1. Уәкілетті органның сақтандыру ұйымын бақылау құқығына рұқсатын алған тұлға аталған рұқсатты алған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде уәкілетті органға сақтандыру ұйымына дауыс беретін акциялардың үлесін тікелей немесе аффилиирленген тұлғасы арқылы сатып алу фактісін растайтын құжаттарды ұсынады.";

Ереженің N 1 қосымшасы мынадай мазмұндағы 12, 13-тармақтармен толықтырылсын:

"12. Сақтандыру ұйымы акционерінің дауыс беретін акциялар сатып алуға арналған ақшаның шығуы _____

13. Сақтандыру ұйымының акционері мүлкінің (жылжымалы, жылжымайтын) тізбесі _____

оның ішінде кепілге салынғаны _____".

2. Осы қаулы, оның 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгізілетін 1-тармағының 3, 4, 5-абзацтарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

3. Қаржылық қадағалау департаменті (Бахмутова Е.Л.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына жіберсін.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басшылығының қызметін қамтамасыз ету басқармасы (Терентьев А.Л.) және Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау басқармасы (Жерембаев Е.Е.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының ресми бұқаралық ақпарат құралдарына және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің баспасөз басылымдарына жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК